

1996-1997 жылдың күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмысқа энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың әзірлігі жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 тамыз N 1067

Электр және жылу энергиясына елеулі төлем жасамаушылықтардың салдарынан электр энергетика саласындағы пайда болған қиын жағдайға байланысты 1996\1997 жылдың күзгі-қысқы кезеңіне электр станцияларының, электр және жылу жүйелерінің орнықты жұмыс істелуіне әзірлігі үшін - қаржы жағдайын жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары 1996\1997 жылдың күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмысқа электр энергетика объектілерінің сенімді әзірлігі ерекше мемлекеттік маңызды тапсырма деп санасын.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне 1996 жылдың субвенция есебінен көзделген облыстардың бюджетіне бөлінетін қаражаттарды электр және жылу энергиясын пайдаланған бюджеттік мекемелердің энергия жабдықтау ұйымдарына берешектерін өтеуге жұмсау ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен облыстардың және Алматы қаласының әкімдері республикалық және жергілікті бюджеттердің энергиямен жабдықтаушы ұйымдары алдындағы қалған берешектерін өтеу жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі түскен қаражаттарды әзірленген кестеге сәйкес электр станцияларына жеткізілетін отынға төлеуге бағыттауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Директивалық кредиттер мен 1994 жылғы өзара борыштардың ішкі республикалық есебінің нәтижелері бойынша берілген кредиттерді және олар бойынша проценттерді өтеудің шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 ақпандағы N 214 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 8, 61-бап) айқындалған шарттарда 1994 жылғы директивалық кредиттер бойынша қалған берешектерді өтеу жөніндегі Қазақстан Республикасының Энергетика және көмірөнеркәсібі министрлігінің ұсынысын зерделеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Халықты Әлеуметтік қорғау министрлігі мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге орталық атқарушы органдардың келісімімен бір апта мерзім ішінде белгіленген тәртіппен Қазақстан

Республикасының Үкіметіне Зейнет қорына мерзімі өткен төлемдер бойынша өсім ставкасының қабылданған мөлшерін өзгерту жөнінде ұсыныс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі

министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп жекелеген энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға оларды 1996\1997 жылдың күзгі-қысқы кезеңіндегі жұмыс жағдайына әзірлігіне кредит ресурстарын бөлу мақсатындағы аукциондарға қатысу үшін екінші деңгейдегі уәкілденген банктерді айқындасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі